

Туған күніңмен, ҚАСИЕТТІ ҚАРАШАҢҰҰ!

80 жылдан астам тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – заманауи білім, озық идеялар мен технологияларға негізделген ірі инновациялық, ғылыми білім беру орталығы болып табылады. Қарашаңғұу тарихының әрбір кірпіші оның білікті ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының шығармашылық талмас қайраты, күнделікті еңбегімен қаланған. Зиялы және саяси, экономикалық ортаның ең таңдаулы өкілдері түлеп ұшқан университет бүгінде қазақстандық элитаның бас шеберханасына айналды.



Сонау 30-шы жылдары қазақ жастарын ғылым және білім нәрімен сусындату үшін құшағын айқара ашқан университет ресми түрде 1934 жылдың 15 қаңтары күні құрылған. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1933 жылы 20 қазанда №2293 «Қазақстан үшін мамандар даярлау туралы» қаулысын, БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті 1933 жылы 13 қарашасында қазақ педагогикалық институты негізінде «ҚазМУ-ды құру» туралы қаулы шығарды.

Осы 15 қаңтар күні ҚазМУ-дың жігерлі 54 жасы мемлекеттік университеттің алғашқы студенті атанып, биология және физика-математика факультеттеріне қабылданды. Олар 19 қаңтар күні Верный ерлер гимназиясының ескі ғимаратында оқуға кірісті. Осы жылдың 1 қыркүйегінде химия факультеті ашылды. Университеттің ғылыми және оқыту жұмыстары небары 18 оқытушы құрамымен басталды. 1934 жылдың 5 желтоқсанында университетке қоғам қайраткері С.М. Киров есімі берілді.

Гуманитарлық-шет тілдер факультеті (1937) және филология факультеті (1938) ашылды. Қазақ жастарына арналған дайындық бөлімдері ашылып, мамандықтар аумағы кеңейді. 1938 жылы аспирантура мен Ғылыми кеңестің құрылуы ҚазМУ-дың даму бағдарындағы маңызды оқиға болды. Сұрапыл соғыс жылдары университет «Барлығы фронт үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмысын жалғастырды. Бұл жылдары

С.М. Киров атындағы ҚазМУ бірінші санаттағы ЖОО қатарына жатқызылды. Әлемдік деңгейдегі белгілі ғалымдар: М.О. Әуезов, Қ.И. Сәтбаев, Е.Б. Бекмаханов, Д.В. Сокольский, К.П. Персидский, А.Б. Бектұров, Т.Т. Тәжібаев т.б. ғылыми мектептердің тізгінін ұстады.

Соғыстан кейінгі жылдары жаңа факультеттер: геология-география (1947), тарих (1948), 1949 жылы филология факультетінде психология және логика бөлімдері, жаңа философия және экономика факультеттері мен кешкі және сырттай оқу бөлімдері ашылды. 1955 жылы заң факультеті ашылды.

1970-1980 жылдары университеттің Студенттер қалашығы қызу қарқынмен бой көтеріп, әсем Алматының ең көрікті жерлерінің біріне айналды. Ғылым мен білімнің жаңа дәстүрлері дамып, нығая түсті. Сонымен қатар шығыстану (1989) мен халықаралық қатынастар факультеттері (1995) ашылды.

ҚазКСР Министрлер кабинетінің №629 қаулысымен 1991 жылы 23 қазанда Қазақ мемлекеттік университетіне ұлы ғұлама философ, энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби есімі беріліп, 1993 жылдың 9 қаңтарында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың №1059 қаулысымен «Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті» деп аталатын болды. ҚазМУ халықаралық Университеттер қауымдастығына кірген Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны болды.

Жалғасы 4, 5-беттерде

КӨШБАСШЫ ПОЗИЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының жетекші ұлттық университеті – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық позициясы мен беделін кезекті рет нығайтты.

Белгілі бүкіләлемдік «UI Green Metric Ranking of World Universities – 2016» рейтингісіне ҚазҰУ алғаш рет қатысып, мықтылар тобынан лайықты орын алды. Әлемнің ең экологиялық таза 200-топ университеті қатарына енуі – ұлттық университеттің «жасыл дамудағы» жоғары жетістіктері мен үлкен мүмкіндіктерінің дәлелі.

«UI Green Metric» рейтингі әдістемесінде мынадай көрсеткіштер есепке алынады: экология саласындағы білім беру және ғылыми қызмет, энергия мен су ресурстарын үнемді қолдану, табиғатты тиімді пайдалану, қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу, экологиялық таза көлік қолдану, студенттік кампус территориясындағы жас көшеттер аумағы және т.б.

Әлем университеттерінің «UI Green Metric» «жасыл» рейтингі жыл сайын әр елдегі үздік ЖОО-ны анықтайды. Мысалы, 2016 жылы АҚШ-та – Дейвис қалашығындағы Калифорния университеті, Ұлыбританияда – Ноттингем және Оксфорд, Канадада – Квебектегі Шербрук университеті, Германияда – Берлиннің Еркін университеті, Жапонияда – Хоккайдо және Киото университеттері.

Жалғасы 3-бетте

25 қаңтар күні Астана қаласында көптен күткен 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада ойындары басталып, алау елордада тұтатылады.

УНИВЕРСИАДА АЛАУЫ – ҚазҰУ-да

Универсиаданың ресми ашылу салтанатына орай алау ұстаушылар 22500 шақырым жолды жүріп өтіп, оны Алматыға жеткізеді. 29 қаңтар күні Универсиада алауы студенттік спорттың көшбасшысы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жағылып, 100 алау ұстаушы Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешені, «Шымбұлақ» таулы базасы сынды Алматы қаласының ірі нысандарына алып барады.

Мәртебелі шараға спорт, ғылым, мәдениет саласынан 1000 адам іріктеліп алынды, ал студенттік ойындардың астанасы – Алматы қаласында алауды алып жүруге 100 адам қатыспақ. Оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин бар. Айта кету қажет, Дмитрий Универсиада алауын ұстаушы ретінде байқаудан тыс бірауыздан тандалған. Жоғары спорттық жетістіктері үшін ол 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындарының ресми елшісі болып тағайындалды. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың 12 спортшысы қысқы Универсиада ойындарында ел намысын қорғамақ.

Өз тілшімізден

БҮГІНГІ САНДА:

АКТУАЛЬНЫЕ
ВОПРОСЫ



2-стр.

ДМИТРИЙ БАЛАНДИН –
ПОСОЛ ВСЕМИРНОЙ
УНИВЕРСИАДЫ



3-стр.

ҚЫСҚЫ
СЕМИНАР-ТРЕНИНГТІҢ
ҮЙРЕТЕРІ КӨП



7-бет

Қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша жаңа жыл қарсаңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ақсақалдар кеңесінің отырысы өтті. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ақсақалдар кеңесі ғылым, мәдениет пен рухани әлеуеттің дамуына зор үлес қосқан, университеттің шетелдегі зияткерлік және білім берудегі имиджін көтеруге ерен еңбек сіңірген тәжірибелі де беделді ғалымдардың басын біріктіріп отыр.

Кездесуді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов құттықтау сөзбен ашты. Қоғамдық кеңес беру органы болып табылатын ақсақалдар алдында ректор университет жаңалықтары, басты жетістіктері мен жарқын оқиғалар жайлы айтып, өткен жылды қорытындылады.

Ақсақалдар назарына Университет пен кампустың даму стратегиясының III кезеңі ұсынылды. Бұл кезең инновациялық және медико-биологиялық кластерлерді, жасыл технологиялар орталығын, «Технолофт» — «жоба идеясынан оны жүзеге асыруға дейінгі» толық технологиялық жүйені іске асыру алаңын құруға бағытталған.

Сонымен қатар Ақсақалдар кеңесі ғылыми-зерттеу қызметі мен білім беру үдерісінің жетілдірілу жолдарымен, университеттік кампус инфрақұрылымын дамыту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысымен және жаңа нысандар құрылысы жоспарымен танысты. Осылайша, соңғы бес жылда ғимараттар мен құрылыстың жалпы аланы 36 пайызға артқаны атап өтілді. 2015–2016 жылдары 80 мың шаршы метрді құрайтын жаратылыстану факультеттерінің жаңа оқу

ҒИБРАТЫ МОЛ АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІ



ғимараттары, Жас ғалымдар үйі, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы пайдалануға берілді.

Ғылымға еңбегі сіңген қайраткерлер, ҚР ҰҒА академиктері Сұлтан Сартәев, Арықбай Ағыбаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зұлхайыр Мансұров, тарих ғылымдарының докторы Уахит Шәлекенов, ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Анатолий Арещенко және тағы басқа көптеген Ақсақалдар кеңесінің профессорлары жағымды өзгерістерді тілге тиек етті, университеттің даму стратегиясын қолдап, батасын берді. Ақсақалдар, әсіресе, QS рейтингінде ҚазҰУ-дың әлемнің үздік 250-топ университеті қатарына енуін жоғары бағалап, университеттің Орталық Азия мен ТМД-дағы

көшбасшылық орнын атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мойындалған халықаралық беделге ие, әлемнің мыңдаған университеттері рейтингіндегі оның жоғары көрсеткіші еліміз үшін үлкен жетістік болып саналады. Бұл — Мемлекет басшысы алға қойған Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елі қатарына ену мақсатын жүзеге асыруға және «Мәңгілік Ел» құруға қосқан университеттің нақты үлесі», — деді академик Сұлтан Сартәев.

Кездесуде ардагерлер университет дамуының жасампаз бағытына барынша қолдау көрсетіп, өз ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ ұжымды келе жатқан 2017 жылмен құттықтап, қызметте табыс пен жаңа жоғары жетістіктер тіледі.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ

На ректорате были обсуждены актуальные вопросы по важным направлениям работы. Так, первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев выступил с сообщением о выполнении индикативного плана университета за первое полугодие 2016-2017 учебного года.

Результаты рейтинга кафедр и факультетов по производительности вошли четыре основных показателя: учебно-методическая работа, научно-исследовательская деятельность, международное сотрудничество и социальное развитие.

Следует отметить, что целью определения рейтинга является оценка качества образовательной и научно-исследовательской деятельности факультетов и кафедр университета. В ходе заседания члены ректората обсудили конкретные действия, способствующие достижению большей производительности ППС.

Об анализе публикаций преподавателей, сотрудников и обучающихся университета в международных рейтинговых изданиях за 2016 год выступил проректор по научно-инновационной деятельности Тлеккабул Рамазанов.

С целью увеличения показателей публикационной активности и цитируемости ученых вуза профессор предложил привлечь ученых Казахстана к публикации статей в рейтинговых изданиях с указанием аффилиации «КазНУ им.аль-Фараби», избирательно подходить к выбору издания, который имеет ненулевой импакт-фактор по базе данных Web of Science Core Collection, Thomson Reuters или SJR в Scopus, рассмотреть возможность премирования ППС и сотрудников университета.

Следует отметить, что в 2016 году в КазНУ премии получили авторы 206 статей на общую сумму 36 565 000 тенге. В перспективе эта мера позволит больше увеличить публикационную активность и цитируемость статей в рейтинговых журналах.

Приятным событием на ректорате стало известие об открытии лаборатории микрклонального размножения «Plant Factory». КазНУ им. аль-Фараби и Фонд



индустриально-академического сотрудничества университета Дангук (Южная Корея) подписали Соглашение о научно-инновационной деятельности, коммерциализации и трансфере научно-технологического проекта. «Уникальный проект «Научно-производственный комплекс по выращиванию оздоровленного посадочного и семенного материала клубники и картофеля» является следующим практическим шагом в продвижении и активизации нашего совместного плодотворного сотрудничества. Мы рады, ведь КазНУ как самый престижный университет Казахстана является нашим партнером. Мы приложим все необходимые усилия для успешной реализации данного проекта», — отметил декан фонда Ким Чхол Хён.

В торжественной обстановке прошла церемония вручения стипендий. За хорошие знания в области корееведения профессор Корейского фонда Ли Бенг Джо наградил магистрантов 1, 2 курсов специальности «Востоковедение» Асель Жандосову и Улжан Кабделову, 1 курса специальности «Иностранная филология» Багжан Сермухаметову и Акерке Тусупову, 1 курса специальности «Переводческое дело» Назерке Барбосынову. Общая сумма стипендий составила 7 млн. 260 тыс. тенге.

В рамках исполнения 27 позиции Плана

нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ» также состоялось подписание Соглашения о сотрудничестве между Республиканской палатой частных судебных исполнителей Республики Казахстан и КазНУ им. аль-Фараби.

Взаимное сотрудничество предполагает развитие деловых отношений в научно-исследовательской, образовательной и правоприменительной практике по вопросам исполнительного производства и развития института частных судебных исполнителей, совместную организацию и проведение проектов и курсов повышения квалификации с выдачей сертификатов, обмен опытом, а также многое другое.

Члены ректората заслушали отчеты профессоров КазНУ об итогах поездки делегации в Токийский университет науки, в Манчестерский университет и итогах научно-исследовательской экспедиции «Полюс независимости» в Антарктиду. Также было представлено сообщение об участии КазНУ в I Республиканском конкурсе «Молодежь за G-global» и итогах зимнего семинара кураторов-эдвайзеров «Современные стратегии и методы воспитания в вузе».

Соб.корр.

ҚАЗҰУ-ҒА

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ДЕПУТАТТАРЫ КЕЛДІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қуаныш Сұлтанов, Мәулен Әшімбаев, Жәмила Нұрманбетова іссапармен келді. Кездесуге Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Саят Ағыбаев, Алматы қалалық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының орынбасары Станислав Канкуров, Бостандық ауданы «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Баймұрат Жамбылов, Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Мұхит Әзірбаев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева және оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Депутаттар «Бес институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты кадам» Ұлт жоспары, «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы және қабылданған ҚР заң актілерінің жүзеге асырылу жолдары жайлы түсіндіріп, университеттің тыныс-тіршілігімен танысты.

Мәжіліс депутаты Қуаныш Сұлтанов Елбасы қазіргі заман жастарының білім дәрежесін көтеруге ерекше екпін беретінін атап өтті. Еліміздің білім саласын дамытуда, заманға сай сапалы кадр даярлауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алар орны ерекше екендігін тілге тиек етті. «Біз қазақ білімі мен ғылымының кара шаңырағы ҚазҰУ-ға, өзіміз білім алған киелі ордаға жиі келіп, оқытушы-профессорлар қауымымен, жастармен пікір алмасуды жақсы дәстүрге айналдырдық. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — ұлт білімінің ұйытқысы. Жоғары оқу орнының бүгінгі таңдағы жетістіктері көңілге үлкен сенім ұялатады. Ұлт сапасын көтеруде, Елбасы жүктеген Қазақстан-2050 Стратегиясын жүзеге асыруда, «Мәңгілік Ел» қалыптастыруда университеттің алдыңғы қатарда боларына сенемін!» — деді депутат.

ҚазҰУ түлектері, бүгінде ел сенімін аркалаған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мәулен Әшімбаев пен Жәмила Нұрманбетова да Қазақстан халқының алдына қойылған басты міндет — әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру екендігін жеткізді. Оған жетудің бір жолы — білім беру жүйесін жетілдіру, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті маман даярлау екендігі даусыз. Депутаттар бұл міндетті орындауда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қосқан зор үлесін айтып, бүгінгі таңда университетте студенттердің алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалғанына назар аударды. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қай бағытта алып қарасақ та, үлкен өзгерістер болғанын атап өтуіміз қажет. Мұнда әлемдік білім кеңістігіндегі үздік тәжірибелер, озық үрдістер мен инновациялар ендірілуде. ҚазҰУ бүгінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті университет ретінде өзін дәлелдеп отыр», — деген Мәулен Сағатханұлы болашақта университет бастамаларына қолдау көрсетуге даярлығын білдірді.

Сондай-ақ қонақтар университеттік кампус аумағын аралап, ҚазҰУ-дың ситуациялық басқару орталығы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы және әл-Фараби кітапханасы жұмысына қанықты. Олар университеттің болашақ жоспарларынан хабардар болып, заман талабына сай қарыштап алға басқан ҚазҰУ жетістіктерін жоғары бағалады. Жақында ғана университет белгілі бүкіләлемдік «UI Green Metric Ranking of World Universities — 2016» рейтингісіне алғаш рет қатысып, мықтылар тобынан лайықты орын алған болатын. Әлемнің ең экологиялық таза 200-топ университеті қатарына енуі ұлттық университеттің үлкен мүмкіндіктерін кезекті рет дәлелдеп отыр.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

КӨШБАСШЫ ПОЗИЦИЯСЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Қазақстандық ЖОО-лар ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — әлемнің 200-топ «жасыл» университеті қатарына енген жалғыз оқу ордасы, бұл ЖОО-ның ғылым мен техника жетістіктерін кампустың энерготиимді стратегиясы мен қаланың экожүйесіне интеграциялау бойынша белсенді жұмысын көрсетеді.

Университет халықаралық деңгейдегі бастамаларға зияткерлік үлес қосуда көшбасшы болып табылады және жаһандық мәселелерді шешуге арналған ауқымды жобаларды белсенді жүзеге асыруда. Осылайша, ҚазҰУ ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жасыл көпір» және «G-Global» бастамаларының энергоэкологиялық стратегиясына қолдау ретінде ТМД университеттері ішінде жалғыз «RIO+20» Әлемдік саммитінде секция ашу жоғары мәртебесіне ие болды. ЖОО тұрақты даму мәселесі бойынша университеттердің халықаралық консорциумын құруға бастама



жасады. Жасыл технологиялар орталығы ашылды, «ҚазҰУ — Green Campus» бірегей жобасы жүзеге асуда, тұрақты даму бойынша

ЮНЕСКО кафедрасы тиімді жұмыс істеуде.

Ұсынылған бағытта жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде ҚазҰУ-дың БҰҰ «Академиялық ықпал» (UNAI) бағдарламасының тұрақты даму бойынша жаһандық хабы ретіндегі мәртебесі ұзартылды. Атап өту керек, ұлттық оқу орны өзінің энергосақтау технологиялары мен ғылыми-инновациялық зерттеулерін «EXPO-2017» — «Болашақ энергиясы» көрмесінде көрсететін болады.

Экологиялық таза ЖОО-лар — 2016 жаһандық рейтингі биыл жетінші рет өткізіліп отыр. Сертификаттарды салтанатты табыстау рәсімі Индонезия университетінде (UI) орын алды.

Әйгерім КАМАЛДИНОВА

ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ, ҚАЙРАТКЕР

Жақында профессор Темірбек Қожакеевтің туғанына 90 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында ғалым, ұстаздың еліне, мемлекетіне істеген ұлағатты ісін кейінгі ұрпаққа өнеге ету мақсатында «Өнегелі өмір» сериясымен шығарылған «Темірбек Қожакеев» атты кітаптың тұсаукесер салтанаты өтті.

Шараға ғалымның шәкірттері Мынбай Рәшев, Үмбетбай Уайдин мен Ғаббас Қабышев және т.б. қатысып, өз естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ жиында қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Жұмабек Кенжалин, фил.ғ.д., профессор Өмірхан Әбдиманұлы, фил.ғ.д., профессор Бауыржан Жақып, Л. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің профессоры Аязби Бейсенқұлов баяндама жасады.

Ғалымның ұлы Медет Темірбекұлы жыл сайын Қожакеев оқуларының дәстүрге айналғандығын, ұстаз атымен арнайы шәкіртақы тағайындалғанын атап өтті. Сонымен қатар ол әкесіне арнап шығарылған, ғалымның зерттеулері мен естеліктері топтастырылған кітапты да оқырмандарға ұсынды.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ ЖАҢА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАР ТОБЫН СИНТЕЗДЕДІ

ҚазҰУ зерттеу мен талдаудың физика-химиялық әдістері Орталығының ғалымдары оксиантрахинондардың жаңа биологиялық белсенді заттар тобын синтездеді.

Оксиантрахиндардың біршамасы табиғатта еркін тіршілік етеді, яғни ол жәндіктер гликозиді, саңырауқұлақ, қына, өсімдіктердің тамыры түрінде кездеседі. Пурпурин де, ализарин тәрізді бағды заманнан бері тамырынан ұсақ бедерін шығарып тастап отыратын болды.

Жоба авторлары биологиялық белсендінің кең көлемді табиғи оксиантрахинонын модификациялауға бағытталған тиімді әдіс ойлап тапты.

Жобаны негізге ала отырып сизнтезделгендердің барлығы қоршаған ортада әлі кездеспегенін анықтады. Осыдан кейін 30 синтезделген заттардың ішінен бактерияға, жаракатқа қарсы және ісінуге қарсы белсенді әзірленді. Ғалымдар «Иннотекс» ресейлік фармацевтикалық холдингімен бірлесіп технологиялық зерттеулер орнатып, нәтижесінде өндірудің тәжірибелік-ойластырылған реттемесін құрасытырып, бекіткенін айта кету керек. Жұмыс жетекшісі - х.ғ.д., профессор Р.А. Муzychкина.

Жазерке ҚАРАТАЕВА

ДМИТРИЙ БАЛАНДИН - ПОСОЛ Всемирной Универсиады

Республиканская комиссия утвердила список факелоносцев масштабного спортивного проекта – 28 зимней Всемирной Универсиады, которая пройдет в Алматы с 28 января по 8 февраля 2017 года.

Всего было отобрано 1000 звезд спорта, науки, культуры, столицу студенческих Игр — Алматы представят 100 человек. Среди них — студент КазНУ им. аль-Фараби Дмитрий Баландин. Примечательно, что Дмитрий является единственным факелоносцем, который прошел отбор вне конкурса. За высокие спортивные достижения он был назначен официальным послом 28-й Всемирной зимней Универсиады 2017 года.

«Для всех казахстанцев и алматинцев Универсиада — это возможность увидеть красивый профессиональный спорт своими глазами с трибун стадионов и спортивных комплексов. Не просто созерцать, а впитывать в себя всю энергию спортивных баталий», — отмечает Олимпийский чемпион Дмитрий Баландин.

Всемирная Универсиада даст положительный импульс дальнейшему развитию студенческого спорта и станет для



многих стартом перед подготовкой и участием в профессиональных мировых первенствах и Олимпийских играх в Токио. «Многие из тех, кто выступит на Универсиаде еще удивят весь мир своими рекордами, я точно знаю», — уверен Дмитрий. «Болейте за наших, болейте за красивый спорт», — призывает чемпион Рио казахстанских болельщиков поддержать сборную.

Следует отметить, Дмитрий Баландин является студентом третьего курса КазНУ им. аль-Фараби и обучается по специальности «Физическая культура и спорт». На Олимпийских играх в Рио-де-Жанейро он завоевал первую золотую медаль по плаванию в истории Казахстана.

Управление корпоративных СМИ и связи с общественностью

В. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 13-ші халықаралық Жәутіков олимпиадасының ашылуы өтті

Жалғасы. Басы 1-бетте

Туған күніңмен, ҚАСИЕТТІ ҚАРАШАҢҰҰРАҚ!

2001 жылдан бастап университет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті деген атауға ие болып, жылдан-жылға қанат жайып дами бастады. Әлемдік білім беру жүйесіне етене ену, мамандарды даярлауда халықаралық стандарттарға көшті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлем алдындағы мәртебесіне сай «SPI алтын медалімен» марапатталды. 2003 жылы 16 қыркүйекте Еуропадағы белгілі Болон (Италия) университетінің қабырғасында ЖОО Дүниежүзілік университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан мен ТМД елдерінде бірінші болып мамандар даярлаудың әлемде қабылданған «бакалавр-магистр-философия докторы» тәрізді үш сатылы жүйесіне ауысты.

Елбасының қолдауымен университет қалашығын салудың екінші кезеңі қарқынды түрде дамып, химия, физика және механика-математика факультеттерінің жаңа ғимараттары салынды. Сондай-ақ университетте еліміздің білім саласының дамуы мен өрлеуіне арналған керемет Мұражай жұмыс істейді. Ғылыми кітапхана мен жаңа «Әл-Фараби» мұражайы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Жас ғалымдар үйі көпшілік игілігіне



берілді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — Қазақстан ЖОО-лары арасында ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» тағайындаған (2006) алғашқы «Алтын сапа» жүлдесінің иегері, халықаралық және Еуразиялық Университеттер қауымдастығының мүшесі, бірнеше рет сапаны басқару жүйесін халықаралық сертификаттау мен мамандықтар бағдарламаларын аккредитациялауды жүзеге асырған (СМЖ), білім және ғылым саласында инновациялық

игі істерді дамытуға атсалысқан көшбасшы университет.

Бүгінде университет Елбасы алға қойған ЖОО — топ әлемдік рейтингіне ену жолында белсенді жұмыс істеуде. Қазақ ұлттық университеті халықаралық QS әлем университеттері рейтингінде өз нәтижесін жақсартып, 236-орынға көтерілді. Университет қазақстандық ЖОО-лар ішінде алғашқы болып әлемдік 250 үздік университет қатарына енді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық

Азиядағы тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» жаһандық хабын және ЮНЕСКО-ның аймақтық хабын басқара отырып, Біріккен ұлттар ұйымының өзіне жүктеген міндетін нәтижелі орындауда. Сондай-ақ, университет жақында белгілі халықаралық «UI Green Metric Ranking of World Universities — 2016» рейтингіне алғаш рет қатысып, әлемнің ең экологиялық таза 200-топ университеті қатарынан орын алды.

Университет мемлекеттің инновациялық даму саясатын іске асыру мақсатында әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу жолында жаңару мен жаңғыру үстінде. Әлемдік топ — университеттер қатарында белгілі дәрежеде алға жылжып, халықаралық деңгейде өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеген университетімізді, оның оқытушылары мен студенттерін 15 қаңтар — ҚазҰУ-дың туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Барша ҚазҰУ ұжымына зор жетістіктер, мол табыс тілейміз. Университетіміздің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық позициясы мен беделі нығая бергей деген тілекпен, белгілі ҚазҰУ түлектері мен ұжым өкілдерінің жүрекжарды құттықтауларын назарларыңызға ұсынамыз.



Қуаныш СҰЛТАНОВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

—Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен үшін киелі қара шаңырақ. Қазақтың талай азаматтары секілді, маған да осында білім алу бақыты бұйырды. Бүгінде біз, ҚазҰУ түлектері университетке, өзіміз білім алған киелі ордаға жиі келіп, оқытушы-профессорлар қауымымен, жастармен пікір алмасуды жақсы дәстүрге айналдырдық. Жыл сайын Түлектер күні ерекше атап өтіледі. Қызықты студенттік күндерді еске түсіріп, университеттің жаңа тыныс-тіршілігімен танысамыз.

Университеттің құрылғанына 80 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде университет аумағында үлкен өзгерістер орын алды. Мен қалашық деп айтпас едім, университеттің қаласы деп айтар едім. Біз оқыған жылдармен, әрине, салыстыруға келмейді. Қандай керемет ғимараттар, технологиялық мүмкіндіктер! Сапалы білім алу үшін студенттерге фантастикалық жағдай жасалған! Болашағынан зор үміт күттіретін ҚазҰУ жастарын жаңа заман технологияларын игеріп, дүниежүзілік дәрежеде бәсекеге қабілетті ұлт болып өсуімізге үлес қосуға шақырамын!

Жақында ғана Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы атап өтілді. Сол мерейтой барысында Елбасы қазіргі заман жастарының білім дәрежесін көтеруге ерекше екіпін берді. Еліміздің білім саласын дамытуда, заманға сай сапалы кадр даярлауда Елбасы осы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне көп көңіл бөледі және үлкен талап қояды. Себебі, ҚазҰУ — ұлт білімінің ұйытқысы. Ұлттың сапасы көтеретін, ұлттың мүмкіндігін айшықтайтын оқу орны. Елбасы жүктеген Қазақстан-2050 Стратегиясын жүзеге асыруда, «Мәңгілік Ел» қалыптастыруда университеттің алдыңғы қатарда боларына мен кәміл сенемін! Барша ҚазҰУ ұжымы мен түлектерін, студенттерін университеттің туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларына амандық-саулық, бірлік пен береке, қызметте үлкен табыстар тілеймін!

////////////////////////////////////

Ермахан ЫБРАЙЫМОВ,
бокшы, Олимпиада чемпионы:

—Құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, оқытушылары мен студенттері! 80 жылдан астам тарихы бар туған университетімді 15 қаңтар — құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге ұзақ ғұмыр, толағай табыс, жарқын болашақ тілеймін! Бізге терең білім берген университетіміз әрқашан биіктерден көріне берсін!

Мен ҚазҰУ-дың заң факультетінің түлегімін. Университет қабырғасында 1991-1996 жылдары білім алдым. Біз мұнда ұлағатты ұстаздардан сапалы білім ғана емес, өмірлік тәлім алдық. Бүгіндегі жеңістерім мен жетістіктеріме университетімнің, ондағы білікті оқытушыларымның қосқан үлесі зор деп білемін.

ҚазҰУ-дай көшбасшы білім ордасында оқу — мақтаныш, абырой әрі үлкен жауапкершілік. Бұл жерде оқыған әрбір азаматтың биік белесті бағындыратынына кәміл сенемін! ҚазҰУ студенттерінің жеңіс тұғырынан көрінбеуі мүмкін емес. Спортта ғана емес, қоғамның түрлі саласында жоғары жетістіктерге жеткен азаматтар осы қара шаңырақтан түлеп ұшты. Бүгінде ҚазҰУ — ұлт қамын ойлайтын ұрпақ тәрбиелеп, көшбасшылар ұстаханасына айналған оқу орны.

////////////////////////////////////



Дмитрий БАЛАНДИН
Олимпийский чемпион по плаванию:

—Уважаемые преподаватели, сотрудники и студенческий коллектив КазНУ!

Поздравляю вас с днем рождения нашего родного Казахского национального университета им. аль-Фараби!

КазНУ им. аль-Фараби - ведущий вуз страны, внесший огромный вклад в развитие образования и науки. За годы своей успешной деятельности университет шагнул в мировое образовательное пространство, достиг высоких научных достижений, стал бессменным и абсолютным лидером студенческого спорта в Казахстане.

Хочу выразить признательность ректору КазНУ им. аль-Фараби академику Галымкайру Мутановичу и всему коллективу, создающим комфортные условия для успешного совмещения учебы и развития спортивного мастерства. Я горжусь, что являюсь студентом КазНУ - лидирующего вуза Республики.

Искренне желаю всем вам здоровья, счастья и благополучия, новых интересных исследований, открытий и побед, целеустремленных, талантливых студентов, которые сделают Казахстан богаче, сильнее и лучше!



Сұлтан
ТӨЛЕУХАНОВ,
биология және
биотехнология
факультетінің
профессоры:

— Қ ұ р м е т т і
әріптестер және
студенттер, сіз-
дерді 15 қаңтар

— университе-

тіміздің туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Өз тарихының 83-жылына аяқ басқан іргелі білім ордасы биік белестерді бағындырып келеді. Сонау 1934 жылы 15 қаңтарда құрылған күнінен бастап өзіне жүктелген зор міндет — ұлт болашағын тәрбиелеу ісін абыроймен атқарып, биік тұғырынан түскен емес. Бұл, әрине, осы университеттің дамуына зор үлес қосқан білікті басшылары мен оқытушы-профессорлары, қызметкерлерінің ерен еңбегінің жемісі.

Қазіргі таңда мақтантұтар жетістіктеріміздің бірі — университеттің QS әлем университеттері рейтингінде 236-орынға көтерілуі. ҚазҰУ қазақстандық ЖОО-лар ішінде алғашқы болып әлемдік 250 үздік университет қатарына енді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — Қазақстан Республикасына қажетті сапалы кадрларды дайындайтын көшбасшы білім ордасы! Университеттен білім алып, өмірге қадам басқан түлектеріміз мемлекетіміздің дамуына сүбелі үлестерін қосуда. Түлектердің жетістігі — университет көрсеткіші десек, біздің түлектеріміз қоғамның барлық саласында абыройлы қызмет атқаруда. Демек, ҚазҰУ-дың құрылған күні университет қабырғасында жүрген ұжым үшін ғана емес, барша қазақ елі үшін атаулы күн. Баршаңызды университеттің құрылған күнімен тағы да құттықтай отырып, еңбектеріңізге шығармашылық табыс тілеймін!



Тахир БАРАТОВ,
выпускник факультета механики и прикладной математики:
—Дорогие студенты, преподаватели, выпускники нашего родного КазНУ им. аль-Фараби!
Наступил очередной День рождения университета, день, когда сотни тысяч людей по всему Казахстану, ближнему и дальнему зарубежью поднимают в честь Alma Mater бокал вина, вспоминают его добрыми, теплыми словами! Вспомнят любимых преподавателей, ректоров, проректоров, деканов и заведующих кафедр, своих одноклассников и друзей, вспомнят величественные корпуса, аудитории и лаборатории, студенческий городок, стадион и библиотеки, столовые и буфеты и многое другое.
Мне посчастливилось учиться и работать в самом лучшем университете в добрый и, в тоже время, тревожный период, во время масштабных перемен для нашей большой страны. Уверенно преодолевая все трудности и препятствия, КазНУ всегда был и остается

центром науки и инноваций, зрелости и мудрости, магнитом для талантливой студенческой молодежи.

История КазНУ полна ярких событий, достижений. КазНУ воспитал целую плеяду выдающихся ученых, профессоров и преподавателей, и не хватит места ни в одной статье или книге, чтобы рассказать об их славных делах и неоценимом вкладе в науку, общественную жизнь СССР, нашего Казахстана, да и всей нашей планеты.

Являясь выпускником факультета механики и прикладной математики (ФМПМ), мне также хотелось бы с большой теплотой поздравить наш большой и славный коллектив механико-математического факультета с Днём его рождения.

Выдающиеся профессора и преподаватели читали лекции и вели семинары в аудиториях факультета и сегодня многие из действующих преподавателей являются гордостью нашей страны.

Желаю студентам с честью продолжать традиции КазНУ, истоки которых заложены в далеких тридцатых годах прошлого столетия! Сейчас многие из нас - выпускники разъехались по всему миру и каждый несёт частицу того духа и той неиссякаемой энергии, которую дал нам наш университет и я хочу пожелать всем нам здоровья и благополучия!

Желаю нашему Казахскому национальному университету им. аль-Фараби долгих лет жизни и процветания на благо всего человечества!

Вечный поклонник КазНУ,
Лондон

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

—Мен 1993 жылы философия және экономика факультетін тамамдадым. Сол кезбен салыстырғанда өте үлкен өзгерістердің болғаны сөзсіз. Қай саланы алса да, университет өмірінің қай бағытын алса да үлкен өзгерістер орын алған. Мұнда әлемдік білім кеңістігіндегі үздік тәжірибелер, озық үрдістер мен инновациялар ендірілуде. Оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, студенттерге білім беру және оларды ғылымға тарту, оқытушы-профессорлар дәрежесі жоғары деңгейде екендігін көріп отырмыз. Университеттің инфрақұрылымы, Әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, студенттерге жасалған жағдай — бәрі кезінде түсімізге де кірмеген дүниелер. ҚазҰУ бүгінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті университет ретінде өзін дәлелдеп отыр. Бүгінде университетіміз әлемдегі беделді университет деп айтсақ артық емес. Осындай дәрежеге жеткізген университет басшыларына, оқытушы-профессорлар құрамына, қызметкерлерге алғысымызды айтамыз.

Еліміздің алдында тұрған үлкен мақсат — әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу болса, оған жетудің бірден-бір жолы — жақсы кадрларды тәрбиелеу, озық білім беру жүйесін қалыптастыру болып табылады. Бұл ретте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алар орны ерекше. Мен туған университетімді 15 қаңтар құрылған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Университет басшылары, ұжымына болашақ жоспарларының сәттілікпен жүзеге асуын тілеймін! Өз тарапымыздан университет бастамаларын қолдауға дайынбыз. Қарашанырақ ҚазҰУ еліміздің білім беру жүйесіндегі ең беделді, ең үздік, көшбасшы университет болып қала беретініне сенімдіміз. Осы университет ұжымына алдыңғы уақытта зор жетістіктер тілеймін!



Мадина СӘДУАҚАСОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

—Құрметті, ҚазҰУ ұжымы мен студенттері! Сіздерді 15 қаңтар — оқу орнының туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! ҚазҰУ-дай үздік университетте білім алған біздер бақыттымыз! Дәйім мерейлеріңіз үстем, мәртебелеріңіз жоғары болсын! Білімнің көкжиегі, тәлімнің тереңі осында деп білемін. Өткені мен бүгінін қарасақ та, ордалы оқу орнының орны бөлек. Сонау 1934 жылы іргесі қаланған Қазақ ұлттық университеті Қазақстанда ғана емес, әлемдік деңгейде өзіндік өрнек салып келеді.

Қазіргі таңда ел тізгін ұстап, қоғамдық-саяси өмірге елеулі үлес қосып жүрген көптеген азаматтар мен азаматшалар осында оқып, жетілді. Тәжірибелі профессорлар мен тағылымды оқытушылардан сабақ алды. Қазақстан ғылымы мен білімі, экономикасы мен мәдениетінің дамуына университет ұжымы, оқытушы-профессорлар құрамы үлкен үлес қосуда.

Университет тамыры тереңге жайылған бәйтеректей. Ол талай дүлдүлдер мен бұлбұлдардың білім ордасына айналды. Журналистикада сара жол салған санлақтардың жүрген жерін басып, көзін көргендерден тәлім алуға мүмкіндік берген ҚазҰУ-ға мың алғыс!



Гауһар БАТАЙ,
механика-математика факультетінің 2-курс студенті:

—Мен білім алып жүрген қарашанырақ ҚазҰУ-ға биыл 83 жыл. ҚазҰУ-дың кең құшағындағы жиырма мыңға жуық студенттің бірі болғаным бақыттымын! Еліміздің ең үздік университетінің студенті атанғанымды мақтан тұтамын!

Тарихы I ғасырға жуықтаған киелі ордамызда ізденушінің талабын арттырар жағдайдың бәрі жасалған. Мұнда жайлы жатақханалар, Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, Әл-Фараби музейі, Әл-Фараби кітапханасы, спорт кешені, интернет орталығы, тамақтандыру комбинаты, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы — бәрі бар. Мұнда студенттердің өмірін белсенді әрі қызықты өткізу мақсатында студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары жұмыс істейді. Соның бірі өзім мүше болып табылатын — «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағын мақтанышпен айтқым келеді. Ұйымның басты міндеті — студенттерге әлеуметтік көмек көрсету. «Сұңқар» жыл сайын «Сұңқар кубогы» аталатын КВН ойындары мен мини-футболдар, дәстүрлі түскі ас, тағылымы мол кездесу-тренингтер өткізіп отырады.

Бүгінде мен механика-математика факультетінде «Ғарыш техникасы және технологиясы» мамандығы бойынша білім алып жатырмын. Ғарыш бағыты — қоғамдағы ең қажетті саланың бірі. Тәуелсіз еліміздің күннен-күнге өркендеуі тұрғысында «Ғарыш техникасы және технологиясы» ісі де болашақта қарқынды түрде дамып, еліміздің жетістіктерге жетуіне себепкер боларына кәміл сенемін. Осы жолда талмай талаптанып, ерінбей еңбек ететін боламын! ҚазҰУ-ымның шаңырағы биік, қабырғасы еңселі, жастары белсенді болсын! Туған күніммен, ҚазҰУ-ым!



Тегеран университетінің профессоры Махмуд Жафари Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушылары мен студенттеріне дәріс оқыды

Сохраняя традиции **КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ**

Профессор Сарсенбаев Мингаш Харисович празднует свой 70-летний юбилей. Ему принадлежит важная роль в создании и развитии системы высшего географического и экологического образования в Казахстане.

Мингаш Харисович родился в январе 1947 года в поселке у пограничной реки Кигаш. Близость к воде способствовала выбору будущей профессиональной деятельности юного Мингаша - гидрологии. В раннем возрасте он с родителями переехал в Алма-Ату и попал под опеку старшего брата отца - известного поэта и писателя, участника ВОВ Абу Сарсенбаева и его супруги журналистки Лязизы Сергазиной.

Окончив школу, перед юношей возник вопрос, куда поступать учиться. Строительству Капшагайского гидроузла поэт Абу Сарсенбаев посвятил стихотворение «На дне будущего моря», где показал своего сына как будущего инженера. Это оказало огромное влияние на формирование мировоззрения Мингаша Харисовича. Отец настоял, чтобы он учился в КазГУ по специальности "Гидрология". По окончании КазГУ М.Х.Сарсенбаев был распределен в Институт гидрогеологии и гидрофизики АН КазССР. Далее он был направлен в сектор мелиоративной гидрогеологии и научную экспедицию, которая располагалась в селе Бак-Бакты на реке Иле.

К весне 1970 года в долине Иле было начато заполнение Капшагайского водохранилища, в районе Бак-Бакты началось освоение земель под рисовые севообороты. Задачей

экспедиции являлось комплексное научное изучение процессов, происходящих на орошаемых землях, которые включали в себя исследования водных и солевых балансов, а также гидрологических, гидрогеологических, метеорологических, почвенных и других процессов. Работа в полевых условиях способствовала становлению молодого ученого и закалила его характер. В Институте гидрогеологии АН КазССР Мингаш Харисович проработал два года, а затем в январе 1973 года перешел в АКО КазНИИВХ для осуществления руководства экспедицией на Каратальской рисовой системе, куда его пригласил будущий большой друг по жизни - известный гидротехник М.Г.Баженов.

В результате экспедиционных работ М.Х.Сарсенбаевым был собран уникальный, интересный и обширный научный материал по орошаемым землям Южного Прибалхашья, что позволило ему поступить в очную аспирантуру кафедры гидрологии суши КазГУ. В мае 1977 года он стал преподавателем кафедры.

Руководителем научной работы Мингаша Харисовича был один из основателей мелиоративной гидрологии в СССР профессор С.И.Харченко. В 1982 году в Государственном гидрологическом институте (г. Ленинград) он защитил диссертацию на ученую степень кандидата технических наук, а в 2002 г. - диссертацию на ученую степень доктора географических наук по двум специальностям: 20.00.27 - Гидрология суши, водные ресурсы, гидрохимия и 25.00.36 - Геоэкология. Его работы всегда основаны на большом объеме экспедиционных и лабораторных данных.



В разные годы профессор Сарсенбаев работал председателем профкома факультета, заместителем декана по научной работе, в начале 1989 был избран деканом факультета географии. Благодаря его усилиям открылось казахское отделение по специальности «География», а в 1991 году был произведен первый набор студентов на специальность «Охрана окружающей среды». В 1994 году на факультете открыта кафедра «Геоэкологии и мониторинга». В эти годы он являлся членом Президиума УМО стран СНГ по географическому и гидрометеорологическому образованию. В 1996 году профессор был назначен на должность заведующего кафедрой гидрологии суши, которой руководил до апреля 2004 года.

Под его руководством кафедра активно

принимала участие в работах Союзного учебно-методического объединения по гидро-метеорологическим специальностям. Были восстановлены связи с учреждениями казахских и среднеазиатских государств, а также появились новые контакты с образовательно-производственными учреждениями Западной Европы и Китая.

Перу профессора Сарсенбаева принадлежат более ста научных и учебно-методических работ, в том числе несколько монографий и более десяти учебных пособий по общей гидрологии, гидрофизике, водобалансовым исследованиям, оценке и управлению водными ресурсами.

Профессор Сарсенбаев яркий ученый, скромный, обаятельный человек, интересный и эрудированный собеседник, прекрасный педагог и воспитатель молодежи, обладает ораторским мастерством, тонким чувством юмора - подлинный интеллигент и продолжатель традиций своего народа. Сегодня в стране и за его пределами много казахстанской молодежи с гордостью считают себя его учениками.

Мингаш Харисович не только ученый, но и любящий муж, достойный отец семейства, прекрасный дедушка, ну и, конечно же, надежный друг для многочисленных друзей и соратников.


Желаем дорогому Мингашу Харисовичу здоровья, бодрости, энергии, неиссякаемого оптимизма и семейного благополучия! С днем рождения, профессор!

Р.Г. АБДРАХИМОВ, С.С. ТУТЕЛЬБАЕВ,
*доценты факультета
географии и природопользования*

■ ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымының кандидаты Ғалирашит Баймурзин сексеннің сеңгіріне келіп, дүниеден өтті. Ғалекең осы өмірінде талай тар жол, тайғақ кешуді бастан өткізді. Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кездерінде орта мектепті өте жақсы оқып бітірді. Кейін Ленинград мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оны үздік аяқтады. Қазақстан аумағында бірнеше жыл облыстық соттың судьясы болып, жұртшылық құрметіне бөленген азамат еді. Судьялық мол тәжірибені өз бойына жинақтаған Ғалекең өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында КСРО ҒА Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына түсіп, ғылыми жұмыспен айналысады. Осы институтта үш жылдың ішінде заң ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін ойдағыдай қорғап шықты. Қазақстанға келіп, сол кездегі Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық институтында қылмыстық-құқықтық секторда аға ғылыми қызметкер болып еңбек етеді.

1967 жылы ҚазҰУ-дың заң факультетін бітіріп, жолдамамен осы институтқа келген кезімде Ғ. Баймурзин ағамен танысып, жақсы қарым-қатынаста болдым. Содан кейін 1970 жылы мен КСРО ҒА Мемлекет және құқық институтына аспирантураға жіберілдім. Жетекшім КСРО ҒА мүше-корреспонденті Петр Семенович



Ромашкин болды. П.С.Ромашкин ол кезде осы институттың қылмыстық құқық секторының меңгерушісі еді. Институттың осы секторында атакты академик, профессор А.А.Пионтковский, профессорлар С.Ф.Келина, Г.Л.Кригер, О.Ф.Шишов сияқты ғұлама ғалымдар еңбек етуші еді. Бірде ғылыми жетекшім Петр Семенович мені бір шұғыл қағазға қол қойғызып келу үшін Андрей Пионтковскийдің үйіне жіберді. А.А.Пионтковский құжаттармен танысып қол қойып берді де, менен: «Сіз аспирантураға Қазақстаннан келдіңіз ғой, қазақтар өте қонақжай халық. Үйіне келген адамды төріне отырғызып, барымен сыйлап, шығарып салады. Ұлы Отан соғысы басталған жылдары бізді амалсыз

Мәскеуден көшірді. Сол қиын-қыстау кезде мен Алматыда екі-үш жылдай тұрып, қызмет істедім. Сол кезде мен қазақтардың әдет-ғұрпын, салт-санасын, адамгершілігін терең түсіндім. Қазақтардың маған көрсеткен жақсылығы, құрметі есімнен кетпейді», — деді. «Айтпақшы, — деді одан әрі Андрей Андреевич, — сіздердің салт бойынша үйге кірген адам дәм татпай кетпейді. Олай болса, қазір екеуіміз отырып жақсылап шай ішеміз», — деді де, жұбайына шай дайындатты. Андрей Андреевич Қазақстан, қазақтар туралы жақсы естеліктерін айтып, өзінің де көңілін көтергендей болды. Содан соң ол: «Менің Ғалирашит Ыдырысұлы Баймурзин деген Қазақстаннан келген аспирантым болды. Оны танысың ба? Жағдайы қалай?» — деп сұрап алды да, «Ол өте білімді, турашыл, еңбекқор азамат. Ғылым жолында аса қиын тақырыпқа диссертация жазып, өте тамаша қорғады, жалпы, Қазақстаннан келген азаматтардың барлығы Баймурзин сияқты болса, сіздерде заң ғылымы жоғары деңгейде дамыр еді», — деді.

Андрей Андреевичтің көрегендігі керемет екен. Ғалирашит Ыдырысұлы академиядан ҚазҰУ-дың заң факультетіне оқытушылық қызметке 1972 жылы ауысқаннан кейін заң ғылымын, оның ішінде, қылмыстық құқық және криминология саласын дамытуға зор үлес қосты. 1970-1990 жылдар аралығында атакты профессор В.Н.Маркелов, профессор Г.Ф.Поленов, доцент С.Х.Жадбаев, профессор Е.Қайыржановтар сияқты ғалымдармен бірге бірнеше оқу құралдарын жазуға атсалысты. Мен Баймурзин істейтін кафедраға 1991 жылы

доцент болып ауыстым. Содан кейін Ғалекең екеуіміз бірігіп, қылмыстық құқық ғылымын дамытуға қолдан келген үлесімізді қостық. Ғалекеңмен бірге 1997 жылы ҚР Қылмыстық кодексінің жобасын талқылауға атсалыстық. Кафедра ұжымымен бірлесіп, тұңғыш рет ҚР Қылмыстық кодексінің типтік бағдарламасын, Қылмыстық кодекстің жалпы және ерекше бөлімдері бойынша орыс тілінде оқулықтар әзірледік. Қылмыстық құқық, криминология, қылмыстық атқару құқығы бойынша есептер жинағы, тест сұрақтарының жинағы, тағы басқа әдіс-тәсілдік тапсырмалар әзірлеуге де профессор Ғ.Баймурзин атсалысты, зор еңбек сіңірді. Осы еңбектердің көбін өзі редакциялап, өңдеді. Ғалекең жігері мол, көптеген аспиранттарға ғылыми жетекші болған білікті жан еді. Ғалирашит Баймурзин кезінде бірнеше мемлекеттік наградалардың иесі болған. Әділ тұлға, білгір ғалым ұстаз болды. Қазіргі кезде Ғалирашит Ыдырысұлы тәрбие берген жас ұстаздар кафедрада, сан мыңдаған жангерлер еліміздің сот, прокуратура, құқық қорғау саласында үлгілі еңбек етуде. Ғалекеңнің көзі тірісінде жазған құнды ғылыми еңбектерін болашақ жангерлер оқып, зерделеп терең білім алуда. Қазақта «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», — дейді ғой. Ғалекең де сондай жақсы, керемет ғалым еді. Ол тәуелсіз Қазақстан жангерлері арасында үлкен беделге ие болды.

А.Н. АҒЫБАЕВ,
*з.ғ.д., профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері*

Прошла II-я республиканская зимняя школа

«Психологические мастерские: здравоохранение, образование, производство»

Настрой на победу: СПАРТАКИАДА «ЗДОРОВЬЕ» - 2017

В КазНУ подведены итоги 45 традиционной спартакиады «Здоровье» среди преподавателей, сотрудников, докторантов факультетов и подразделений университета. В общекомандном зачете победителем соревнований стала команда Центра безопасности и оперативного реагирования.



Глава государства в своих ежегодных посланиях уделяет большое внимание укреплению здоровья казахстанцев и развитию спорта, ставя в разряд важнейших государственных приоритетов. «Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье - вот, что должно стать главным в государственной политике в сфере здравоохранения и повседневной жизни населения», - отмечает Нурсултан Назарбаев.

В КазНУ им. аль-Фараби ведется огромная работа по развитию массового спорта. Проведение спартакиады «Здоровье» в университете уже стало доброй традицией. В этом году соревнования проводились по восьми видам спорта: мини-футбол, шахматы, волейбол среди женских и мужских команд, настольный теннис, бадминтон, дартс, тоғызқұмалақ.

КазНУ имеет свою развитую спортивную инфраструктуру, благодаря чему работники регулярно занимаются спортом и имеют хорошую физическую форму. В спартакиаде, направленной на пропаганду здорового образа жизни, приняло участие 20 сборных команд факультетов и подразделений, что составило 904 человека.

«Целью ежегодной спартакиады является развитие физической культуры и спорта, формирование физической закалки сотрудников КазНУ. Она способствует

оздоровлению и укреплению корпоративной культуры университета, формированию целеустремленности, решительности, умению не сдаваться и всегда побеждать», - отмечает Председатель профсоюза «Парасат» Талгат Мекебаев.

Следует отметить, что в упорной спортивной борьбе в общекомандном зачете второе место завоевал спортивный коллектив механико-математического факультета. Почетное третье место занял факультет филологии и мировых языков.

Лучшими игроками спартакиады по спортивным видам программы признаны: по настольному теннису - Дробышев Н. (физико-технический факультет) и Ким А.М. (факультет философии и политологии); по бадминтону - Комаров А. (физико-технический факультет), Пронченко Л. (Центр безопасности и оперативного реагирования) и Уайсов А. (механико-математический факультет); по тоғызқұмалақ - Баратов Ш. (факультет филологии и мировых языков) и Лакбаева Ж. (факультет химии и химической технологии); по волейболу - Иргебаев Н., Тренова Ж. (Центр безопасности и оперативного реагирования), Хабибодда Ө., Маемерова Г. (механико-математический факультет); по дартсу - Галеева А. (факультет химии и химической технологии) и Шарнин С. (военная кафедра); по шахматам - Исахов А. и Рзаева Г. (механико-

математический факультет); по мини-футболу - Сапанов С. (факультет востоковедения) и Токсанбаев А. (факультет истории, археологии и этнологии).

Спартакиада вызвала большой интерес среди преподавателей, сотрудников и докторантов университета, помогла получить им хороший заряд бодрости и здоровья, повысила эмоциональный и физический тонус, явилась показателем ведения здорового образа жизни. Призеры соревнований по видам спорта были награждены грамотами и призами, а победители Спартакиады дипломами и памятными кубками профсоюза работников «Парасат».

Помощь в организации и проведении спартакиады «Здоровье» оказали руководство

вуза, профсоюз, кафедра физического воспитания и спорта, Центр здорового образа жизни, спортивный клуб и судейская коллегия.

Организация и участие в спортивно-массовых мероприятиях придают большой импульс развитию массового спорта, популяризации активного спортивного отдыха, укреплению и формированию здорового образа жизни, а также сплочению внутри большого коллектива КазНУ им. аль-Фараби.

Поздравляем победителей!

Н.П. ТАГАНОВА,
старший преподаватель Центра ЗОЖ,
Главный судья

Университетімізде жыл сайын дәстүрлі түрде қаңтар айының алғашқы күндері Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің қолдауымен куратор-эдвайзерлерге арналған Қысқы семинар сабақтары жүргізіледі. Биылғы семинардың сабақ кестесі 9-11 қаңтар аралығына тура келді.

Куратор-эдвайзерлерге арналған семинардың басты мақсаты кураторлардың студенттермен тығыз жұмыс істеуін қадағалау болып табылады. Сонымен қатар қызықты әрі көңілді тақырыптарда ашық куратор сабақтарын жүргізуге, жалпы ортамен жұмыс жасауға бейімделу сынды негізгі жұмыстар атқарылады.

Семинар сабақтарын педагогика ғылымдарының докторы, профессор Бұлатбева



Айгүл Әбдімәжитқызы мен Мыңбаева ғылымдарының кандидаттары және доценттері Айгерім Қазықызы бастаған педагогика Төлешова Ұлмекен Болатқызы, Шағырбаева

Ментай Доғдырбайқызы, Сәдуакасова Зухра Маратқызы жүргізді.

Сабақ барысында түрлі тәжірибе алмасуға арналған ойындар ұйымдастырылып, кураторлардың зейінін ашуға, олардың жана қырынан көрінуіне бағытталған тренингтер өткізілді. Куратор-эдвайзерлер семинар-тренингтерге белсенділікпен қатысып, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Тәрбиесіз берілген білімнің адам баласына зиян екенін ескерер болсақ, студенттермен тығыз байланыс орнату үшін осындай семинарлардың жиі өткізілуі және оған куратор-эдвайзерлердің қатысуы өте маңызды.

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

ҚазҰУ-дың спорт кешенінде 5-13 қаңтар аралығында оқытушылар, қызметкерлер мен докторанттар арасында дәстүрлі 45-ші «Денсаулық» спартакиадасы өтті



Шұғылмен, ҚазҰУ-ым!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар ҰШУРОВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №14

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.